

Халыққа жеңілдікті жағдайда газ жіберу нормалары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 16 қаңтар N 59. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.08.19. N 1266 қаулысымен. ~P971266

"1995 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 наурыздағы N 2120 U952120_ Заң күші бар Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2371 Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 14 тамыздағы N 1120 P951120_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ұлты Отан соғысының қатысушылары, мүгедектері мен оларға теңестірілген адамдарға жеңілдіктер мен әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 U952247_ Заң күші бар Жарлығынан туындайтын ережеден басқа шаруашылық-тұрмыстық мұқтаждарға арналған тамақ дайындау, су жылыту үшін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес осыған құқықтары бар азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдікпен газ жіберу нормалары

қосымша бойынша бекітілсін.

2. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері белгіленген нормаларды ескеріп, 1996 жылғы 1 қаңтардан бастап газға арналған төлемдерге жеңілдіктер беруді енгізсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1996 жылғы
16 қаңтардағы
N 59 қаулысына
қосымша

Шаруашылық-тұрмыстық мұқтаждарға арналған тамақ дайындау, су жылыту үшін қолданылып жүрген заңдарға

сәйкес, осыған құқықтары бар азаматтардың жекелеген
санаттарына жеңілдікпен газ босату
Нормалары

| Табиғи газ | Сұйытылған газ
|(текше метр) (кг)

1 адамға жылына шаруашылық-тұрмыстық
мұқтаждарға арналған тамақ дайындау,
су жылыту үшін газ босатудың орташа
жылдық нормасы:

газ плитасы болған және орталықтан ыстық сумен жабдықталған жағдайда	10	4,8
газ плитасы болған, орталықтан ыстық сумен жабдықтау және газбен су жылытқыш болмаған жағдайда	12,5	8,2
газ плитасы, газбен су жылытқыш болған, орталықтан ыстық сумен жабдықтау болмаған жағдайда	18,5	13,7
моншада газбен су жылытқыш (жоғарғы) болған жағдайда	8,5	-